

Техникалық тапсырма

Лауазым: жобалау ұжымының бухгалтері

Жұмыс орны: Алматы қ.

Жұмысбастылық: ішінара, 2024-2026 жылдар кезеңінде

Біліктілік талаптары:

1. Жоғары экономикалық, бухгалтерлік немесе қаржылық білім және бухгалтерлік есеп бойынша кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі.
2. Кәсіби бухгалтер сертификаты немесе біліктілікті растау (оқудан өткені туралы сертификаттар).
3. Мемлекеттік кәсіпорындарда, денсаулық сақтау жүйесінде, медициналық қызметпен байланысты ұйымдарда жұмыс тәжірибесінің артықшылығы бар.
4. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары, азаматтық, еңбек құқығының негіздері, қаржы және салық заңнамасы, бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және есептілікті жасау мәселелері бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттар, қаржы-шаруашылық қызмет бойынша базалық білімдер.
5. Бухгалтерлік есеп маманы 1С бухгалтерия жүйесін, электрондық кестелерді (соның ішінде MS Excel) жақсы білуі және еркін жұмыс істеуі керек.
6. ЖИТС, туберкулез және безгекке қарсы күрес жөніндегі Жаһандық қордың (ЖТБЖҚ) саясаты мен рәсімдерін және ЖТБЖҚ-ның Қазақстандағы ағымдағы қызметін білу **құпталлады**.
7. Қазақ және ағылшын тілдерін меңгеру **құпталлады**.
8. Орындаушылық, мақсаттылық, бастамашылдық, оқу қабілеті.
9. Іскерлік қарым-қатынас тәжірибесі және жанжалды жағдайларды шешудің жоғары қабілеті.

Лауазымдық міндеттер:

1. 1С бухгалтерия жүйесінде ЖТБЖҚ гранты қаражатына жүзеге асырылған барлық транзакциялар мен операцияларды уақтылы есепке алуды жүзеге асыру.
2. 1С бухгалтерияда есеп жүргізе отырып, екінші деңгейдегі банк арқылы төлемдерді жүзеге асыру және толықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін банкпен төлемдер мен ақша қаражаттарының қалдықтарын ай сайын салыстыру.
3. Қаржылық және кассалық тәртіпті сақтауды жүзеге асыру.
4. 1С Бухгалтерия жүйесінде барлық бухгалтерлік шоттарды және айналым-сальдо ведомосін ай сайын жабу бойынша рәсімдерді жүзеге асыру.
5. Сыртқы аудиторлармен жұмыс, аудиттелген қаржылық есептіліктің 1С бухгалтерия жүйесінің деректерімен толық сәйкестігі үшін 1С бухгалтерия жүйесінде түзетулер жүргізу.
6. 1С Бухгалтерия жүйесінде ЖТБЖҚ барлық гранттарының қаражатына сатып алынған барлық тауарлық-материалдық қорлар мен негізгі құралдарды уақтылы есепке алуды жүзеге асыру, сандық қалдықтарды салыстыру; сондай-ақ гранттың мақсаттары үшін нақты пайдаланылуын, нақты болуын тексеру үшін барлық ТМҚ мен НҚ-ға жыл сайынғы түгендеу жүргізу.
7. Жеткізушілермен есеп айырысуды жүргізу (ТМҚ мен қызметтердің түсуі бойынша 1С базасында бастапқы құжаттарды қабылдау және тіркеу, ТМҚ алуға сенімхаттар жазу, жеткізушілерден ЭШФ жүйесінен электрондық шот-фактураларды мониторингілеу және жүктеу).
8. Дебиторлық және кредиторлық берешекті контрагенттермен ай сайынғы салыстыру.
9. ҚР заңнамасының және ЖТБЖҚ талаптарына сәйкес жобаны іске асыру шеңберінде барлық қаржылық және бухгалтерлік құжаттаманы сақтау және мұрағаттау.
10. ЖТС бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына, ЖТБЖҚ гранты жобасының қызметі бойынша басқа да салықтарға тоқсан сайын салық есептерін жасау.
11. Есеп саясаты мен операциялық басшылыққа сәйкес грант қаражаты есебінен ҚҚС-ты уақтылы және дұрыс қайтару бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасымен өзара іс-қимыл.
12. Жұмыс барысы туралы ай сайынғы, тоқсандық және жылдық есептерді талдау және жасау үшін 1С Бухгалтерия жүйесінен уақтылы, дәл және толық қаржылық ақпарат беру.
13. ЖТБЖҚ грантын негізгі алушының қаржы мамандарымен есептілік бойынша өзара іс-қимыл жасайды, ЖТБЖҚ грантын негізгі алушының талаптарына сәйкес гранттың ақшалай қаражатын жасау және есепке алу тәртібін сақтайды.

